

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрінің м.а. 2018 жылғы 31
шілдедегі № 717 бұйрығы

Министерство финансов Республики Казахстан

**«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер
комитеті туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы
министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы № 306 бұйрығына өзгеріс енгізу
туралы**

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы № 306 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті туралы ереже осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Т.К. Жаңғарашев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпараттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін атқарушы

Б. Шолпанқұлов



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 31 шілдедегі
№ 717 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2016 жылғы 14 маусымдағы
№ 306 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (бұдан әрі – Комитет) орталық атқару органының құзыреті шегінде кеден ісі саласындағы реттеуші, іске асыру және бақылау функцияларын, салықтардың, кедендік және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің толық және уақтылы түсуін, міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіби зейнетақы жарнасын есептеуді, ұстауды, аударуды, әлеуметтік аударымдарды есептеуді және төлеуді қамтамасыз ету, этил спирті мен алкоголь өнімдерінің, темекі бұйымдарының өндірісін, айналымын, мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің және биоотынның айналымын мемлекеттік реттеу, оңалту және банкроттық саласындағы мемлекеттік реттеу және бақылау, салық саясатын және кеден ісі саласындағы саясатты іске асыруға қатысу, Қазақстан Республикасында Еуразиялық экономикалық одағының кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізумен, оларды Еуразиялық экономикалық одағының бірыңғай кедендік аумағында кедендік бақылауда тасымалдаумен, уақытша сақтаумен, кедендік декларациялаумен, кедендік рәсімдерге сәйкес шығарумен және пайдаланумен, кедендік бақылау жүргізумен байланысты қатынастарды, мемлекеттік кірістер органдары мен көрсетілген тауарларды заңнамада көрсетілген шектерде иелену, пайдалану және билік ету құқығын іске асыратын тұлғалар арасындағы билік

қатынастарын кедендік реттеуді әзірлеуге және іске асыруға қатысу, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде экономикалық және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу функцияларын жүргізу осы органға жататын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ведомствосы болып табылады.

2. Комитеттің Қазақстан Республикасы Үкіметі құрайтын және тарататын, мемлекеттік мекеме нысанында заңды тұлға болатын аумақтық органдары бар, оларға: облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша мемлекеттік кірістер департаменттері, аудан, қалалар және қалалардағы аудандар және арнайы экономикалық аймақ аумақтарында басқармалар, сондай-ақ мамандандырылған мемлекеттік мекемелер жатады.

3. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілеріне, Комитеттің өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Комитет республикалық мемлекеттік мекеменің ұйымдастыру–құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, қазақ тілде өз атауымен мөрі және мөртаңбасы, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Комитет азаматтық–құқықтық қатынастарға өз атынан әрекет етеді.

6. Комитеттің егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық–құқықтық қатынастардың тарапы бола алады.

7. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Комитет төрағасының бұйрығымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Комитеттің құрылымы мен штат саны лимитін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Комитеттің заңды мекенжайы: почта индексі 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11.

10. Мемлекеттік мекеменің толық атауы – «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Комитетке кәсіпкерлік субъектілермен Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәніне шарттық қатынастарға түсуге рұқсат етілмейді.

14. Егер Комитетке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осы қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттемелері

15. Комитеттің міндеттері:

1) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, сондай-ақ арнайы, демпингке қарсы және өтемдік баждардың толық және уақтылы түсуін қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік аударымдарды есептеудің және төлеудің толықтығы мен уақтылығын қамтамасыз ету;

3) Қазақстан Республикасының салық саясатын іске асыруға қатысу;

4) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының егемендігін қорғауды және экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

5) Қазақстан Республикасының салық, кеден және өзге де заңнамасының орындалуын, Еуразиялық экономикалық одағының кеден заңнамасының мемлекеттік кірістер органдарына жүктелген сақталуына бақылауды қамтамасыз ету;

6) тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізілуін жеделдету мен жеңілдетуге жағдайлар жасау;

7) этил спиртінің, алкоголь өнімінің, темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымын, сондай-ақ мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің және биоотынның айналымын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру;

8) кеден ісі саласындағы, оңалту және банкроттық саласындағы (банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтау зейнетақы қорларын қоспағанда) мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың осы органға жататын алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу функцияларын жүргізу;

10) ақпараттық коммуникациялық инфрақұрылымның дамуын қалыптастыру және салық төлеушілер үшін электрондық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету;

11) Комитеттің құзыретіне жататын мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастық;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындау.

16. Комитеттің функциялары:

1) Қазақстан Республикасында кедендік реттеуді жетілдіруге және іске асыруға қатысады;

2) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына және Еуразиялық экономикалық одақтың комиссиясына кеден баждарының сомалары жөнінде ақпарат дайындайды және жібереді;

3) зияткерлік меншік объектілерін кедендік тізілімге енгізу туралы шешім қабылдайды;

4) зияткерлік меншік объектілерін кедендік тізілімінің нысандарын және жүргізу қағидаларын әзірлейді;

5) салықтық және кедендік әкімшілендіруді жүзеге асырады;

6) салық және кеден заңнамасында көзделген нысандар мен өзге де құжаттарды әзірлейді;

7) ұсталған тауарларды өткізу, пайдалану немесе жою, ұсталған тауарларды тасымалдау (тасу), қайта тиеу (тиеу, түсіру), сақтау бойынша шығыстар, ұсталған тауарларды өткізуге дайындауға және өткізуге байланысты өзге де шығыстар, сондай-ақ оларды өткізуден алынған сомасын қайтару қағидаларын әзірлейді;

8) тауарларды уақытша сақтауға орналастыру үшін мемлекеттік кірістер органдары ұсынылған құжаттарды тіркеуге және олардың тіркелгені туралы растаманы беруге байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібін әзірлейді;

9) жолаушыларға арналған кедендік декларацияны тіркеу немесе тіркеуден бас тарту қағидаларын әзірлейді;

10) транзиттік декларациядағы мәліметтерді мәлімдеу ерекшеліктерін және тауарларды Қазақстан Республикасының аумағымен өткізу кезінде оны пайдалану тәртібін әзірлейді;

11) тауарларға арналған декларация және транзиттік декларация ретінде көліктік (тасымалдау), коммерциялық және (немесе) өзге де құжаттарды, оның ішінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген құжаттарды пайдалану қағидаларын әзірлейді;

12) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тасымалданатын тауарларға қатысты кедендік транзит кедендік рәсімін қолданудың ерекшеліктерінің тәртібін әзірлейді;

13) мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды адамының кеден декларациясын толтыру қағидаларын әзірлейді;

14) Еуразиялық экономикалық одақтың кеден аумағына жеке пайдалануға арналған тауарларды олардың Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына кері әкетілгеннен кейін әкелуін растау қағидаларын әзірлейді;

15) құқық қорғау органдары және (немесе) уәкілетті орган ұсынатын, қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға және терроризмді

қаржыландыруға ықтимал қатысы болуы туралы ақпарат алған кезде, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізілетін қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен ұстап алуды (тоқтата тұруды) жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді;

16) теміржол тасымалдаушылары уақытша әкелінген халықаралық тасымалдаудың теміржол көлік құралдарының және (немесе) теміржол көлік құралдарымен тасымалданатын, оның ішінде ішкі тасымалдау үшін пайдаланылатын контейнерлердің тұрған жері туралы ақпаратты кеден органының талабы бойынша ұсынудың қағидаларын әзірлейді;

17) қос дәліз жүйесі қолданылатын, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізу орындары тізбесін, сондай-ақ осындай Тізбені құрастыру қағидаларын әзірлейді;

18) тауарды сыныптау туралы алдын ала шешімдерді уәкілетті орган бекіткен тәртіппен және нысан бойынша тауарды сыныптау туралы алдын ала шешімдерді тіркеу журналында тіркеу қағидаларын, сондай-ақ тауарды сыныптау туралы алдын ала шешімдерді қабылдағаны туралы тұлғаның өтініші нысанын әзірлейді;

19) тауарды сыныптау туралы шешімдерді қабылдау қағидалары мен шешімнің нысанын әзірлейді;

20) тауардың шығарылған жері туралы алдын ала шешімдерді уәкілетті орган бекіткен тәртіппен және нысан бойынша тауардың шығарылған жері туралы алдын ала шешімдерді тіркеу журналында тіркеу қағидаларын, сондай-ақ тауардың шығарылған жері алдын ала шешімдерді қабылдағаны туралы тұлғаның өтініші нысанын әзірлейді;

21) консультация өткізу қағидаларын әзірлейді және мерзімдерін бекітеді;

22) аванс төлемдерін енгізудің қағидаларын және нысандарын әзірлейді;

23) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы құрастырылмаған немесе бөлшектелген түрде, оның ішінде жасақталмаған немесе жасалып бітпеген түрде өткізілетін тауарларды сыныптау туралы шешімдерді қабылдау туралы өтініштің нысандарын әзірлейді;

24) белгілі бір уақыт кезеңі ішінде әртүрлі тауар партияларымен әкелінуі болжанатын, құрастырылмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде

жасақталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарды сыныптау туралы шешімді қабылдау туралы өтініштің нысандарын және құрастырылмаған түрдегі тауарды сыныптау туралы шешімді уәкілетті орган бекіткен тәртіппен және нысан бойынша құрастырылмаған түрдегі тауарды сыныптау туралы шешімдерді тіркеу журналында тіркеу қағидаларын әзірлейді;

25) әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау әдістерін қолдану мәселелері жөніндегі алдын ала шешімдер беру қағидаларын әзірлейді, сондай-ақ осындай алдын ала шешімді қолдану тәртібі мен мерзімдерін белгілейді;

26) көлік саласындағы уәкілетті органмен бірге Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде көліктік бақылауды мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды адамдарының жүзеге асыру тәртібін әзірлейді;

27) радиациялық бақылауды жүргізу қағидаларын әзірлейді;

28) Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасында реттелмеген бөлігінде кедендерді, кеден бекеттерін және бақылау-өткізу пункттерін құру, санатқа бөлу, сыныптау қағидаларын әзірлейді, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органдары мен мемлекеттік кірістер органдарының жүйесіне кіретін мамандандырылған мемлекеттік мекемелер орналасқан жерлерде және аумағында кедендік операциялар жасалуы және кедендік бақылау жүргізілуі мүмкін өзге жерлерде кедендік инфрақұрылым элементтерін жайластыруға және техникалық жарақтандыруға қойылатын талаптарды бекітеді;

29) қайта өңдеу жөніндегі операциялар нәтижесінде пайда болған қалдықтарды одан әрі коммерциялық пайдалану үшін жарамсыз деп тану тәртібін әзірлейді;

30) белгіленген мерзімде төленбеген кедендік баждардың, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, өсімпұлдар, пайыздар бойынша берешекті өтеу туралы және кедендік баждардың, салықтардың, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының, өсімпұлдардың, пайыздардың белгіленген мерзімде төленбеген сомаларын өтеу туралы хабарламалардың нысандарын әзірлейді;

31) уәкілетті кеден органы өзге уәкілетті сараптама ұйымдарын (сарапшыларды) тартуға мүмкіндігі болмаған жағдайда, кедендік сараптама уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өзге уәкілетті сараптама ұйымы (сарапшы) жүргізу үшін тағайындау қағидаларын әзірлейді;

32) кедендік, көліктік (тасымалдау), коммерциялық және өзге де құжаттарға, сәйкестендіру құралдарына қатысты кедендік сараптаманы жүргізу үшін мұндай құжаттар мен сәйкестендіру құралдарын алып қою қағидаларын әзірлейді;

33) уәкілетті кеден органы кедендік сараптама жүргізу қағидаларын және кедендік сараптама жүргізуді тағайындау туралы мемлекеттік кірістер органдарының шешімнің нысанын әзірлейді;

34) Қазақстан Республикасының аумағында құрылған еркін қоймаға қою үшін еркін қойма кедендік рәсімімен міндетті түрде орналастыруға жататын Еуразиялық экономикалық одақ тауарларының жекелеген санаттарының тізбесін әзірлейді;

35) еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардың декларанты болатын заңды тұлға иесі болып табылатын бірнеше еркін қойманың аумақтарына қойылуы және соларда болуы мүмкін жағдайларда осындай тауарлардың және еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарлардың осындай қоймалар арасында орын ауыстыруын, сондай-ақ мұндай жағдайларда кедендік операцияларды жасау ерекшеліктерін және осындай тауарларға қатысты кедендік бақылауды жүргізу ерекшеліктерін әзірлейді;

36) Қазақстан Республикасының аумағында еркін қойма кедендік рәсімі қолданылмайтын шетелдік тауарлардың тізбесін және (немесе) шетелдік тауарлардың санаттарын әзірлейді;

37) еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар авария немесе еңсерілмейтін күш әсері салдарынан жойылған және (немесе) қайтарымсыз жоғалған не тасымалдаудың (тасудың) және (немесе) сақтаудың қалыпты жағдайларында табиғи кему салдарынан қайтарымсыз жоғалған және осындай жойылу немесе қайтарымсыз жоғалу фактісін уәкілетті орган айқындаған тәртіппен кеден органы таныған жағдайларда кедендік рәсімдермен орналастырылмай аяқтау тәртібін әзірлейді;

38) мемлекеттік кірістер органдарының материалдық-техникалық және әлеуметтік базасын дамытуға қатысу;

39) еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған, тауарды дайындау (алу) тауарларды дайындауға (алуға) қатысатын немесе септігін тигізетін өндірістік процестерді қамтамасыз ету, еркін қойма аумағында пайдаланылатын, сондай-ақ жылжымайтын мүлік объектілерін салу мақсатында жабдықтарды, машиналар мен агрегаттарды күтіп ұстау мен пайдалану процесінде қайтарымсыз жоғалған тауарлар толық немесе ішінара жұмсалған (тұтынылған) (өндірістік шығындар) жағдайларда кедендік рәсімдермен орналастырылмай еркін қойма кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтау тәртібін әзірлейді;

40) қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған тауарларды еркін қойманың аумағынан еркін қойма кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтаумен жабдық немесе еркін қойманың иесі пайдалануға енгізген және қолданатын өзге де негізгі өндірістік құралдар не көрсетілген негізгі өндірістік құралдардың бөлшектері болып табылатын көрсетілген еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және (немесе) еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған тауарларды еркін қойманың аумағынан еркін қойма кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтау тәртібін әзірлейді;

41) еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырған тауарларға және еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларға қатысты еркін қойма аумағында сақтау, тауарларды тиеу (түсіру) жөніндегі операциялар және сақтауға байланысты өзге де жүк операциялары, тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті операциялар, сондай-ақ партияларды бөлшектеуді, жөнелтілімдерді қалыптастыруды, сұрыптауды, орауды, қайта орауды, таңбалауды қоса алғанда, тауарларды тасымалдауға (тасуға) және сатуға дайындау жөніндегі әдеттегі операциялар, тауарларды қайта өңдеу (өндеу), тауарларды дайындау (жинауды, бөлшектеуді, монтаждауды, шақтауды қоса алғанда), тауарларды жөндеу және тауарларды дайындау (алу) процесінде мұндай шетелдік тауарлар толық немесе ішінара жұмсалса (тұтынылса) және (немесе) еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған

тауарлардан дайындалған (алынған) тауарлардың құрамында болмаса, тауарларды дайындауға (алуға) қатысатын немесе септігін тигізетін операциялар жасау қағидаларын және шарттарын әзірлейді;

42) еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларды еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларда сәйкестендіру қағидаларын әзірлейді;

43) еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар авария немесе еңсерілмейтін күш әсері салдарынан жойылған және (немесе) қайтарымсыз жоғалған не тасымалдаудың (тасудың) және (немесе) сақтаудың қалыпты жағдайларында табиғи кему салдарынан қайтарымсыз жоғалған және осындай жойылу немесе қайтарымсыз жоғалу фактісін уәкілетті орган айқындаған тәртіппен мемлекеттік кірістер органдарының тану қағидаларын әзірлейді;

44) еркін қойманың иесі таратылған кезде еркін қойма кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтау уәкілетті орган айқындаған тәртібін әзірлейді;

45) арнайы экономикалық аймақтың аумағын жайластыруға, осындай аумақтың периметрін қоршау және бейнебақылау жүйесімен жарақтандыру жөніндегі талаптарды қоса алғанда, оларға қойылатын талаптар тәртібін әзірлейді;

46) арнайы экономикалық аймақтың аумағында бақылау-өткізу режимін қамтамасыз ету, осындай аумаққа адамдардың кіруін қоса алғанда, уәкілетті орган айқындаған тәртібін әзірлейді;

47) арнайы экономикалық аймақтың аумағына тауарларды әкелу туралы көрсетілген хабарламаны беру және арнайы экономикалық аймақтың аумағынан тауарларды әкетуге және порттық арнайы экономикалық аймаққа немесе логистикалық арнайы экономикалық аймаққа әкелуге хабарламалар беру қағидаларын әзірлейді;

48) арнайы экономикалық аймақтың аумағына әкелінетін тауарларды сәйкестендіруді мемлекеттік кірістер органдарының жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді;

49) арнайы экономикалық аймақтың аумағында кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды есепке алуды

жүргізу, сондай-ақ кеден органына осындай тауарлар туралы есептілікті ұсыну тәртібін әзірлейді;

50) мемлекеттік кірістер органының рұқсатымен арнайы экономикалық аймақтың аумағында кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және (немесе) арнайы экономикалық аймақтың аумағында кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды еркін қойманың аумағынан еркін қойма кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтамай әкетуге өзге еркін қойманың аумағына қою және сонда болуы үшін әкетілетін жағдайларда беру тәртібін әзірлейді;

51) арнайы экономикалық аймақтың аумағында кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және (немесе) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды иелену, пайдалану және (немесе) оларға билік ету құқықтарын уәкілетті орган белгілеген жағдайларда, еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтамай, осы арнайы экономикалық аймақтың аумағына өзге қатысушысына беруіне рұқсат беру жағдайларын әзірлейді;

52) арнайы экономикалық аймақтың аумағында кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және (немесе) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды иелену, пайдалану және (немесе) оларға билік ету құқықтарын уәкілетті орган белгілеген жағдайларда, еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардың декларантын осы тарауда көзделген, еркін кеден аймағы кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды пайдалану шарттарын сақтаудан босатпау тәртібін әзірлейді;

53) арнайы экономикалық аймақтың аумағында кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларды еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларда сәйкестендіру қағидаларын әзірлейді;

54) кедендік рәсімімен орналастырылған еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтау тәртібін әзірлейді;

55) арнайы экономикалық аймақтың аумағында кедендік рәсімінің қолданылуын (қызметін тоқтата тұру) аяқтау тәртібін әзірлейді;

56) кедендік операцияларды жасауға және (немесе) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды пайдалануға (сақтауға) арналған, шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін арнайы экономикалық аймақ аумағының бөліктері шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін арнайы экономикалық аймақтың кедендік бақылау аймақтарының шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін арнайы экономикалық аймақтың аумағын айқындау тәртібін әзірлейді;

57) шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін арнайы экономикалық аймақтың аумағын, мұндай аумақты қоршау және бейнебақылау жүйесімен жарактандыру жөніндегі талаптарды қоса алғанда, жайластыру ерекшеліктерін әзірлейді;

58) шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін арнайы экономикалық аймақтың аумағында, осындай аумаққа адамдардың кіруін қоса алғанда, бақылау-өткізу режимін қамтамасыз ету тәртібін әзірлейді;

59) шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін арнайы экономикалық аймақтың аумағына әкелу кезінде еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастыруға жатпайтын тауарлардың тізбесін әзірлейді;

60) тауарларды Арнайы экономикалық аймақта қызметті жүзеге асыру туралы шартқа сәйкес тұтыну, Арнайы экономикалық аймақ қатысушысының Еуразиялық экономикалық одақтың тауарларын жеке тұлғаларға өткізуі, осындай тауарларды өткізу Арнайы экономикалық аймақта қызметті жүзеге асыру туралы шартқа сәйкес Арнайы экономикалық аймақ қатысушысының негізгі кәсіпкерлік қызметі болып табылатын жағдайларды қоспағанда, Арнайы экономикалық аймақ қатысушысының шетелдік тауарларды жеке тұлғаларға өткізуі жағдайларында еркін кеден аймағы кедендік рәсімін аяқтау кезінде есептілікті ұсыну қағидалары;

61) Шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін АЭА қатысушысы болып

табылмайтын Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін АЭА аумағына қою және (немесе) пайдалану үшін еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардың декларанттары ретінде әрекет ете алады;

62) шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін АЭА аумағында тауарларды өткізу кезінде ақпараттық жүйені пайдалана отырып, тауарларды есепке алу жүйесіне қойылатын талаптар;

63) оларға қатысты бірінші кезектегі тәртіпте кедендік операцияларды жасау қолданылатын тез бұзылатын тауарлардың тізбесін әзірлеу;

64) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы заңсыз өткізілген тауарларға қатысты кедендік операцияларды жасау қағидаларын әзірлеу;

65) мемлекеттік кірістер органдарына габариттері үлкен болғандықтан немесе тиеудің, түсірудің және (немесе) сақтаудың ерекше жағдайларына байланысты кеден қоймасында орналастыруға болмайтын тауарларды кеден қоймасы болып табылмайтын орындарда сақтауға рұқсат беру қағидаларын әзірлеу;

66) мемлекеттік кірістер органдарының уәкілетті экономикалық операторлармен өзара іс-қимыл қағидаларын әзірлеу;

67) жекелеген кедендік операцияларды жасау бойынша нұсқаулықты әзірлеу;

68) кедендік бақылауды жүргізуді қамтамасыз еетін шараларды және кедендік бақылаудың жекелеген нысандарын қолдану бойынша нұсқаулықты әзірлеу;

69) нысанды киімнің үлгілерін, нысанды киім киюге құқығы бар мемлекеттік кірістер органдары жұмыскерлерінің тізбесін, онымен қамтамасыз етудің заттай нормаларын және айырым белгілерін, сондай-ақ оны тағып жүру тәртібін әзірлеу;

70) 2017 жылғы 26 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінде көзделген құжаттар мен

мәліметтерді ұсыну үшін декларанттар немесе кеден ісі саласында қызметті жүзеге асыратын тұлғалар пайдаланатын бағдарламалық өнімдерге қойылатын талаптарды әзірлеу;

71) мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйесінде қамтылған ақпараттарды адамдардың алуы және пайдалануы және қол жеткізу қағидаларын әзірлеу;

72) кедендік төлемдер, салықтарды төлеу бойынша міндеттердің орындалуын бас қамтамасыз етуді қолдану қағидаларын әзірлеу;

73) мемлекеттік кірістер органдарында кедендік төлемдер, салықтарды төлеу бойынша міндеттердің орындалуын қамтамасыз етуді есепке алу қағидаларын әзірлеу;

74) кеден ісі саласында қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың міндеттерді орындауын қамтамасыз ету тәсілдерін пайдалану қағидаларын және қамтамасыз етудің бір тәсілін басқамен алмастыру тәртібін әзірлеу;

75) уәкілетті экономикалық оператордың міндеттерді орындауын қамтамасыз ету тәсілдерін пайдалану қағидаларын, уәкілетті экономикалық оператордың міндеттерді орындауын қамтамасыз ету мөлшерін төмендету тәртібін әзірлеу;

76) есебі мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін, берешектердің болмауы (болуы) туралы мәліметтерді жасау туралы қағидаларын әзірлеу;

77) кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді беру, кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді беру туралы, кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдырудан немесе бөліп төлеуден бас тарту шешімнің нысанын әзірлеу;

78) кедендік алымдарды алудан босату үшін құжаттарды ұсыну қағидаларын әзірлеу;

79) кедендік операцияларды жасау кезінде кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша міндеттерді орындауды қамтамасыз ету мақсатында сақтандырудың үлгілік шарттарын әзірлеу;

80) уәкілетті экономикалық оператордың халықаралық тасымалдау көлік құралының таным белгілерін әзірлеу;

81) мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйесін пайдаланушы ретінде тіркеу қағидаларын әзірлеу;

82) мемлекеттік кірістер органдарының тәуекелдерді басқару жүйесін пайдалану стратегиясын және тактикасын, сондай-ақ оның жұмыс істеу қағидаларын әзірлеу;

83) кедендік бақылаудағы және кедендік транзит кедендік рәсіміне орналастырмастан Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағы арқылы тасымалданатын тауарларды тасымалау маршрутын белгілеумен және сақтаумен байланысты кедендік операцияларды жасау қағидаларын әзірлеу;

84) кеден ісін жетілдіру мәселесі бойынша консультация беру кеңесі туралы үлгілік ережелерді әзірлеу;

85) мемлекеттік кірістер органдарының ұлттық теміржол компаниясымен, теміржол көлігі саласындағы ұлттық тасымалдаушылармен, халықаралық әуежайлармен, Қазақстан Республикасының теңіз немесе өзен порттарымен өзара іс-қимыл қағидаларын әзірлеу;

86) мемлекеттік кірістер органдарының бейне ақпаратына қол жетімділікті уақытша сақтау қоймасымен қойма иелерін қамтамасыз ету қағидаларын әзірлеу;

87) уәкілетті экономикалық операторлардың тауарларын уәкілетті экономикалық оператордың құрылысжайларында, үй-жайларында (үй-жайларының бөліктерінде) және (немесе) ашық алаңдарында (ашық алаңдарының бөліктерінде) уақытша сақтауда тұрған тауарлармен бірге өзге тауарларды сақтау және олардың тасымалдаушылардан тауарларды қабылдау қағидаларын әзірлеу;

88) кедендік бақылау уақытша аймағын (оның ішінде мүдделі тұлғаның өтініші бойынша) құру, жұмыс істеуін тоқтату қағидаларын, оларға қойылатын талаптарды, сондай-ақ кедендік бақылау уақытша аймағының құқықтық режимін әзірлеу;

89) еркін қойма аумағының периметрін қоршауға және бейнебақылау жүйесімен жарақтандыруға қойылатын талаптарды қоса алғанда, еркін қойма ретінде пайдалануға арналған немесе пайдаланылатын құрылысжайларды, үй-жайларды (үй-жайлардың бөліктерін) және (немесе) ашық алаңдарды (еркін қоймадан басқа) жайластыруға және жабдықтауға қойылатын талаптарды әзірлеу;

90) бажсыз сауда дүкендерін орналастыруға, жайластыруға және жабдықтауға, оның ішінде бейнебақылау жүйесімен жарактандыруға қойылатын талаптарды әзірлеу;

91) бажсыз сауда дүкендерінде тауарларды өткізу қағидаларын әзірлеу;

92) тауарлардың авария немесе еңсерілмейтін күш әсері салдарынан жойылу және (немесе) қайтарымсыз жоғалу фактісін не осы тауарлардың қалыпты жағдайларда тасымалдау (тасу) және (немесе) сақтау кезінде табиғи кему салдарынан қайтарымсыз жоғалу фактісін кеден органдарының уәкілетті орган айқындаған тәртіппен тануы қағидаларын әзірлеу;

93) мемлекеттік кірістер органдары жекелеген кедендік операцияларды мемлекеттік кірістер органдары орналасқан орыннан тыс және (немесе) жұмыс уақытынан тыс жасау қағидасы мен орнын, жекелеген кедендік операциялар тізбесін әзірлеу;

94) мемлекеттік кірістер органдарының қызмет аймағын айқындау қағидаларын әзірлеу;

95) есептілкті ұсынудың қағидалары мен мерзімін, сақталатын, тасымалданатын, өткізілетін, қайта өңделетін және (немесе) пайдаланылатын тауарлар туралы, сондай-ақ жасалған кедендік операциялар туралы есептілік мемлекеттік кірістер органдарына ұсынылады, тауарлар мен көлік құралдарының есебін жүргізу, есептілікті ұсынудың тәсілін, электронды құжат түрінде ұсынылатын есептіліктің құрылымы мен форматын, оларды толытру тәртібін әзірлеу;

96) жеткізу кезеңі күнтізбелік отыз бір күннен аспауға тиіс, тауарлардың жекелеген санаттары үшін уәкілетті орган индустрия және индустриялық-инновациялық даму саласындағы және мұнай және газ саласындағы уәкілетті органдармен келісу бойынша әзірлеу;

97) көрсеткіші тауарларды кедендік декларациялау кезінде пайдаланатын есепке алу аспаптары орналасқан жерлер тізбесін әзірлеу;

98) мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйесі мен тасымалдаушылардың ақпараттық жүйесінің алдын ала ақпараттарды ұсыну кезіндегі өзара іс-қимыл қағидаларын әзірлеу;

99) кедендік декларациялау, сәйкестендіру кедендік нөмірін қалыптастыру кезінде пайдаланылатын тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын, мәміле сипатын, сыртқы экономикалық қызметтің ерекшелігін растайтын код жіктеуіштерін әзірлеу;

100) бірыңғай мөлшерлемелер бойынша өндіріп алынатын кедендік баждар, салықтар не жиынтық кедендік төлем түрінде өндіріп алынатын кедендік баждардың, салықтардың есеп-қисатың нысанын, құрылымын және форматын, сондай-ақ оны толтыру мен оған өзгерістер (толықтырулар) енгізу қағидаларын әзірлеу;

101) 2017 жылғы 26 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Кодексімен реттелмеген кедендік баждардың, кедендік алымдардың, салықтардың, өсімпұлдардың, пайыздардың, сондай-ақ аванстық төлемдердің артық төленген сомасы, артық өндіріп алынған және қате төленген сомасын есепке жатқызу және (немесе) қайтару қағидаларын әзірлеу;

102) төлеушінің жеке шотын жүргізу қағидаларын әзірлеу;

103) 2017 жылғы 26 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Кодексімен реттелмеген арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының сомаларын есепке жатқызуға (қайтаруға) алып келетін мән-жайлардың басталуы қағидаларын әзірлеу;

104) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара трансшекаралық саудасы шеңберінде жекелеген тауарларды өткізу кезінде оларды есепке алу жүйесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу;

105) әуе немесе су көлігімен және (немесе) теңізбен тасымалданатын Еуразиялық экономикалық одақ тауарларының және шетелдік тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан кетуіне және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына келуіне байланысты кедендік операцияларды жасау қағидаларын әзірлеу;

106) кедендік жете тексеруді және қарап-тексеруді жүргізу қағидаларын әзірлеу;

107) тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына келуі туралы хабардар ету күні мен уақытын тіркеу қағидаларын әзірлеу;

108) кедендік транзит кедендік рәсімнің қолданысын аяқтамай тауарларды жеткізу орнын өзгерту қағидаларын әзірлеу;

109) кедендік транзит кедендік рәсімінің қолданысын аяқтау үшін ұсынылатын құжаттарды беруді тіркеу қағидаларын әзірлеу;

110) кедендік транзит кедендік рәсімі қолданысының аяқталуына байланысты кедендік операцияларды жасау қағидаларын әзірлеу;

111) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тауарлар мен көлік құралдарын кедендік алып жүру қағидаларын әзірлеу;

112) тұрақты және уақытша рұқсат қағаздарының, тұрақты және уақытша рұқсат қағаздарын тіркеу журналының нысанын әзірлеу;

113) Қазақстан Республикасының Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттермен арадағы тауарлармен сыртқы сауданың кедендік статистикасын жүргізу қағидаларын әзірлеу;

114) арнайы кедендік статистиканы жүргізу қағидаларын әзірлеу;

115) экспорттық бақылау саласындағы құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу;

116) ақпаратты, оның ішінде алдын ала ақпаратты Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, егер мұндай ақпарат көрсетілген органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасымен өздеріне жүктелген міндеттерді орындау және функцияларды жүзеге асыру үшін қажет болса, Қазақстан Республикасының мемлекеттік, коммерциялық, банктік, салықтық және заңдармен қорғалатын өзге де құпияны (құпияларды), сондай-ақ басқа да құпия ақпаратты қорғау жөніндегі заңнамасының талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын сақтай отырып, беру;

117) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасы туралы ақпарат беруді Қазақстан Республикасының кеден органдары Қазақстан Республикасы кеден заңнамасының нормативтік құқықтық актілерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүзеге асырады;

118) сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметтің қатысушыларын тұрақты негізде, оның ішінде Еуразиялық экономикалық

одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы уақытылы ақпараттандыруды қамтамасыз ету;

119) үшінші елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауарлардың әкетілуіне жол бермеу үшін бақылауды жүзеге асыру;

120) ақпараттық жүйелерді, байланыс жүйелерді және деректерді беру жүйелерді, кедендік бақылаудың техникалық құралдарын, сондай-ақ ақпаратты қорғау құралдарын құру;

121) мемлекеттік кірістер органдары лауазымды адамдарының тауарларды кедендік тазартуды жасау қағидаларын әзірлеу;

122) кедендік декларациялауды, кедендік тазартуды жүзеге асыру және жетілдіру, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына қатысты кедендік операцияларды жүргізуді оңайлатуға мүмкіндік беретін жағдай жасау;

123) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасымен осы органның жүргізуіне жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылық жасаған немесе қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деп күдіктелген тұлғаларды мемлекеттік кірістер органдарының немесе Қазақстан Республикасының өзге органдарының қызметтік үй-жайларына ұстау және жеткізу;

124) мемлекеттік кірістер органы өндіріп алатын кедендік алымдар мөлшерлемесін әзірлеу;

125) тауарлардың кедендік құнын бақылауды жүзеге асыру;

126) әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау әдістерін қолдану мәселесі бойынша алдын ала шешім қабылдау;

127) Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметтің Бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес тауарларды сыныптаудың дұрыстығына бақылауды жүзеге асыру,

128) тауарлардың жекелеген түрлерін сыныптау туралы шешім қабылдау және түсіндірме беру, тауарлардың жекелеген түрлерін сыныптау туралы шешімді жариялауды қамтамасыз ету;

129) белгілі бір уақыт кезеңі ішінде әртүрлі тауар партияларымен әкелінуі болжанатын, құрастырылмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жасақталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарды сыныптау туралы шешімді қабылдау;

130) оның негізінде кедендік төлемдер мен салықтардан босату ұсынылатын, Еуразиялық экономикалық одақтың және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасымен айқындалған құжаттарды қарау;

131) кедендік баждарды, кедендік алымдарды, салықтар, арнайы, демпингке қарсы өтемақы баждарын, өсімпұлдарды, пайыздарды төлеуді бақылауды жүзеге асыру;

132) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы автомобиль, теңіздегі өткізу пункттерінде және тауарлар өткізілетін өзге де орындарда көліктік бақылау жүргізу;

133) тауарлар мен көлік құралдарының Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізілуін кедендік бақылауды жүзеге асырады;

134) кедендік операциялар жасау және кедендік бақылау жүргізу, оның ішінде өзара әкімшілік көмек көрсету шеңберінде кедендік операциялар жасау және кедендік бақылау жүргізу;

135) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға қатысты кедендік-тарифтік реттеу шараларының, тыйым салулар мен шектеулердің, ішкі нарықты қорғау шараларының сақталуын қамтамасыз ету;

136) тұлғалар Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізген кезде осындай тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы тауар айналымын жеделдетуге жағдай жасау;

137) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің валюталарын, бағалы қағаздарды және (немесе) валюталық құндылықтарды, жол чектерін Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізуге бақылауды жүзеге асыру кезінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді

заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің халықаралық шартына сәйкес қамтамасыз ету;

138) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау, олардың алдын алу және жолын кесу;

139) Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай сауда саясатын іске асыруға жәрдемдесу;

140) тауарлар шығарылғаннан кейін кедендік бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпинге қарсы баждар, өтемақы баждары, өсімпұлдар, пайыздар бойынша берешекті өндіріп алу жөнінде шаралар қабылдау;

141) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес шет мемлекеттердің кеден органдарымен және өзге де органдарымен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтасу;

142) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде және тауарлар өткізілетін өзге орындарда радиациялық бақылау жүргізу;

143) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде санитариялық-карантиндік бақылау жүргізу;

144) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы автомобиль, теңіздегі өткізу пункттерінде және тауарлар өткізілетін өзге де орындарда көліктік бақылау жүргізу;

145) кеден органдарының материалдық-техникалық және әлеуметтік базасын дамытуға қатысу;

146) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экспорттық бақылауды жүзеге асыру;

147) кеден органдарының кадрларын даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру және жүргізу функцияларын;

148) зертханалық бақылау мен зертханалық сараптаманы қоспағанда, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және

мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау жүргізу арқылы басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының және карантинді объектілердің әкелінуінен Қазақстан Республикасының аумағын қорғауды қамтамасыз ету;

149) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау, олардың алдын алу және жолын кесу;

150) Қазақстан Республикасының жедел-ізвестіру қызметі туралы заңнамасына сәйкес жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыру;

151) мемлекеттік кірістер органы қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мемлекеттік кірістер органының лауазымды адамын және олардың отбасы мүшелерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқыққа қайшы әрекеттерден қорғау;

152) кеден ісі саласында жасалған құқық бұзушылық туралы ақпараттарды жинау және талдауды жүзеге асыру;

153) мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету;

154) тәуекелдерді бағалау және басқару бойынша қызметті жүзеге асыру;

155) мүдделі тұлғаларға Еуразиялық экономикалық одақтың және Қазақстан Республикасының кеден заңнамаларын қолдану мәселесі бойынша және мемлекеттік кірістер органдарының құзыретіне кіретін өзге де мәселелер бойынша өтеусіз негізде консультация беру;

156) кеден ісі саласында келіп түскен сұрау салулар мен ұсыныстарды ескере отырып, өтініштерді уақытылы, объективті және жан-жақты қарауды қамтамасыз ету және жауаптар беру немесе тиісті әрекеттерді жасау;

157) Қазақстан Республикасының заңнамасымен осы органның жүргізуіне жататын қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу;

158) Қазақстан Республикасының заңнамасымен осы органның жүргізуіне жататын қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы күрес нысанын және әдістерін жетілдіру;

159) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша жалпы республикалық, өңірлік жедел-ізвестіру және профилактикалық іс-шараларды үйлестіру және өткізу, қолда бар күш пен құралды пайдалану бойынша оңтайлы шешімді әзірлеу, аумақтық мемлекеттік кірістер органдарына практикалық және әдістемелік көмек көрсету, жұмыстың оң тәжірибелерін қортындылау және тарату;

160) жедел-ізвестіру қызметін, анықтау және алдын ала тергеу, жедел-ізвестіру, әкімшілік, тергеу қызметін және мемлекеттік кірістер органының анықтау практикасын талдау, республикадағы жедел жағдай болжамын жасау, мемлекеттік кірістер органының араласуын талап ететін мәселелер бойынша жедел ден қою шараларын қабылдау;

161) мемлекеттік кірістер органының жүргізуіне жататын қылмыстық іс және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша адамдарды және сот қаулысы бойынша мемлекеттің мүддесін білдіретін талап арыз бойынша олардың тұрған жерінде болмауы туралы мәліметтер болмаған кезде жауап берушілерді іздеуді жүзеге асыру;

162) шет мемлекеттердің тиісті органдарымен өзара іс-қимылда болу және өз өкілетті шегінде халықаралық ұйымдардың қызметіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен осы органның жүргізуіне жататын қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы күрес мәселесі бойынша қатысу;

163) Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылда болу;

164) өз өкілетті шегінде салықтық міндеттемелердің туындауы, орындау және тоқтату бойынша түсіндіру және ұсынымдар беру;

165) салықтық бақылауды жүзеге асыру;

166) тәуекелдерді басқару жүйесін пайдалану;

167) есебін жүргізу тәртібі бұзылған жағдайда жанама әдістер негізінде (активтер, міндеттемелер, айналым, шығын, шығыс) салық саулмен байланысты объектілерді және (немесе) салық салынатын объектілерді айқындау;

168) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте жоспардан тыс тексеруді жүзеге асыру;

169) салық төлеушілердің мемлекеттік деректер базасын қалыптастыру;

170) мемлекеттік (мемлекет) тізілімінен (тізілім) бақылау кассалық машина моделін енгізу (алып тастау) арқылы бақылау кассалық машинасының мемлекеттік тізілімін жүргізу;

171) салықтық әкімшілендіруді жаңғырту және бизнес-процесін ре-инжинирингтеуді жүзеге асыру;

172) салықтық берешектерді, кедендік төлемдер мен салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын, өсімпұлдарды, пайыздарды, сондай-ақ әлеуметтік төлемдерді мәжбүрлі түрде өндіріп алу бойынша жұмысты ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

173) кедендік төлемдерді, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын толық өндіріп алуды және уақытылы аударуды қамтамасыз ету;

174) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтарды және (немесе) төлемді төлеу бойынша салықтық міндеттемелерді орындау мерзімін өзгертуге бақылауды жүзеге асыру;

175) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында және тиісті халықаралық шарттарда белгіленген тәртіппен халықаралық шарттардың ережелерін қолдану;

176) халықаралық шарттардан туындайтын Қазақстан Республикасының құқықтардың жүзеге асырылуын және міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ халықаралық шарттардың басқа қатысушыларының өз міндеттемелерін орындауын қадағалайды;

177) мәмілеге қатысушының трансферттік баға белгілеуді қолдану бойынша келісім жасасуға өтінішін қарау;

178) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 49-бабы 2-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша мәмілелерді жарамсыз деп тану, заңды тұлғаны тарату туралы талап арызды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыретке және міндеттерге сәйкес өзге де талап арыздарды беру;

179) нормативтік құқықтық актілермен белгіленген құзыреті шегінде салықтық және салықтық емес түсімдердің есепке жатқызуын және/немесе қайтаруын жүзеге асыру;

180) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді қолдана отырып, электрондық қызметтер көрсету;

181) салық заңнамасының сақталуына бақылауды жүзеге асыру бойынша орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

182) этил спиртінiң, алкоголь өнiмiнiң және темекi өнiмдерiнiң өндiрiсi мен айналымын мемлекеттiк реттеу, мұнай өнiмдерiнiң жекелеген түрлерiнiң және биоотынның өндiрiсi мен айналымын мемлекеттiк реттеу саласында мемлекеттiк саясатты iске асыру, Қазақстан Республикасының салық саясатын iске асыру;

183) акцизделетiн тауарларды өндiрушiлердiң, олардың айналымын жүзеге асыратын тұлғалардың, борышкердiң мүлкiн (активтерiн) өткiзу кезiнде банкроттықты және оңалтуды басқарушылардың акцизделетiн тауарлардың жекелеген түрлерiн таңбалау, акцизделетiн тауарлардың Қазақстан Республикасының аумағында орын ауыстыру тәртiбiн сақтауы бөлiгiнде, сондай-ақ акциздiк бекеттер орнату арқылы акцизделетiн тауарларға бақылауды жүзеге асыру;

184) этил спиртi мен алкоголь өнiмiн өндiру және олардың айналымы, темекi өнiмдерiн өндiру саласындағы Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасын сақтау бойынша бақылау жүзеге асыру;

185) этил спиртi мен алкоголь өнiмiн, темекi өнiмдерiн өндiру бойынша қызметтi лицензиялау;

186) алкоголь өнiмдерi мен темекi өнiмдерiн сату кезiнде ең төменгi бағалардың сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

187) Қазақстан Республикасының этил спиртi мен алкоголь өнiмiнiң өндiрiлуiн және айналымын мемлекеттiк реттеу туралы заңнамасына сәйкес алкоголь өнiмiн сол немесе өзге түрге жатқызу;

188) темекi бұйымдарын өндiру және олардың айналымы көлемдерiнiң теңгерiмiн бақылауды, есепке алу мен талдауды жүргiзу;

189) этил спиртi мен алкоголь өнiмдерiн өндiрудi және олардың айналымын бақылауды жүзеге асыру;

190) мұнай өнiмдерiнiң және биоотынның айналымы саласында мемлекеттiк бақылауды жүзеге асыру;

191) автожанармай құю станцияларында және мұнай өнімдері базасында мұнай өнімдерінің қозғалысын есепке алу журналының нысанын және оны жүргізу қағидаларын әзірлеу;

192) мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган ұсынған қайта өңдеу өнімдерінің тізбесін келісу;

193) мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы жөніндегі бірыңғай дереккордан мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы көлемі жөнінде ақпаратты мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органға өз құзыреті шегінде салыстыру үшін ұсыну;

194) мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы жөніндегі бірыңғай дереккор жүргізу және қалыптастыру тәртібін әзірлеу;

195) мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы жөніндегі бірыңғай дереккордың жүргізуін жүзеге асыру;

196) мұнай өнімдерінің айналымына камералдық бақылауды жүзеге асыру;

197) мұнай өнімдеріне дербес сәйкестендіру нөмір-кодтарын беру қағидаларын әзірлеу;

198) мұнай өнімдерінің айналымы саласында бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның нысанын әзірлеу;

199) өз құзыреті шегінде мұнай өнімдерінің айналымын мемлекеттік реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

200) мұнай өнімдеріне арналған ілеспе жүкқұжаттарын ресімдеу, алу, беру, есепке алу, сақтау және табыс ету қағидаларын әзірлеу;

201) мұнай өнімдерінің айналымы бойынша декларациялардың нысандарын, табыс ету және жасау қағидаларын әзірлеу;

202) мұнай өнімдерін өндірушілердің өндірістік объектілерінің резервуарларын және автожанармай құю станцияларын (жылжымалы үлгідегі автожанармай құю станцияларынан басқа) есепке алатын бақылау аспаптарымен жарақтандыру тәртібі мен талаптарын әзірлеу;

203) шарап материалын, сыраны және сыра сусынын қоспағанда, алкоголь өнімін есепке алу-бақылау маркаларымен және темекі бұйымдарын акциздік маркалармен таңбалау (қайта таңбалау) қағидаларын, сондай-ақ акциздік және

есепке алу-бақылау маркаларының нысанын, мазмұнын және қорғау элементтерін әзірлеу;

204) акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемені, есепті табыс ету, сондай-ақ осындай міндеттемені есепке алу тәртібін және қамтамасыз ету мөлшерін әзірлеу;

205) этил спиртіне және (немесе) алкоголь өніміне ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу мен пайдалану қағидаларын әзірлеу;

206) шарап материалы, сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра және сыра сусыны өндірісінен басқа, этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу;

207) этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру паспорты үшін қажетті мәліметтер тізбесін әзірлеу;

208) этил спирті және алкоголь өнімін өндіру мен олардың айналымы жөніндегі декларацияларды табыс ету тәртібін әзірлеу;

209) этил спиртін сақтау мен өткізу (тиеп-жөнелту, қабылдап алу) қағидаларын әзірлеу;

210) арақтарға және айрықша арақтарға, күштілігі жоғары ликер-арақ бұйымдарына ең төмен бөлшек сауда бағаларын әзірлеу;

211) өндірілетін және импортталатын этил спирті мен алкоголь өніміне (сыра мен сыра сусынынан басқа) дербес сәйкестендіру нөмір-кодтарын беру қағидаларын әзірлеу;

212) темекі өнімдеріне ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу және пайдалану қағидаларын әзірлеу;

213) темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымына мониторингті жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді ұсыну нысанын, тәртібі және мерзімдерін әзірлеу;

214) темекі өнімдерінің қалдықтары және (немесе) айналымы туралы декларацияларды табыс ету тәртібін және нысанын әзірлеу;

215) темекі өнімдеріне арналған дербес сәйкестендіру нөмір-кодтарын беру қағидаларын әзірлеу;

216) биоотын айналымына камералдық бақылауды жүзеге асыру;

217) биоотын айналымы бойынша декларациялардың нысанын, оларды ұсыну тәртібі мен мерзімін әзірлеу;

218) биоотын айналымы саласындағы құқық бұзушылықтарды жою туралы хабарлама нысанын әзірлеу;

219) биоотынға ілеспе жүкқұжаттарын ресімдеу тәртібін әзірлеу;

220) этил спирті, алкоголь өнімдері, темекі бұйымдары өндірісін және олардың айналымын, сондай-ақ мұнай өнімдерінің және биоотынның жекелеген түрлерінің өндірісі мен айналымын бақылауды жүзеге асыру бойынша орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

221) өз құзыреті шегінде трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша түсіндіруді жүзеге асыру және түсініктемелер беру;

222) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша тексерулер жүргізу;

223) «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бухгалтерлік есепке алуды жүргізу және қаржылық есептілікті жасау жөніндегі міндет жүктелмеген дара кәсіпкерлердің салықтық есепке алуды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын әзірлеу;

224) патент немесе оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер үшін салықтық есепке алу саясатының нысанын әзірлеу;

225) салық төлеуші-жеке тұлға төлейтін мүлік, көлік құралдары салықтарын және жер салығын жинауға арналған квитанцияның және салық заңнамасында көзделген жағдайларда қолма-қол ақша қабылдау үшін қатаң есептілік бланкінің нысандарын әзірлеу;

226) акцизделетін тауарларды қоспағанда, гуманитарлық көмек ретінде тауарларды әкелу қағидаларын әзірлеу;

227) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп еңбекпен табылмаған сыйлықақылар, болмаған залалдар, мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар, болған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша сақтандыру резервтері мөлшеріне сәйкестігі туралы қорытындыны ұсыну қағидаларын әзірлеу;

228) валюталық бақылауды жүзеге асыру және кейіннен валюталық бақылау агенті болып табылатын уәкілетті банктерге беру үшін қажетті мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне табыс ету тізбесін және қағидаларын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп әзірлеу;

229) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің валюталық бақылауды жүзеге асыру үшін өзара іс-қимыл қағидаларын әзірлеу;

230) Қазақстан Республикасы мемлекеттік кірістер органдарының нышанының сипаттамасы мен пайдаланылу қағидаларын, Танымдық туы мен танымдық белгісінің сипаттамасы мен қолданылу қағидаларын әзірлеу;

231) салық төлеуші және (немесе) үшінші тұлға кепілге қойған мүлікті, сондай-ақ салық төлеушінің (салық агентінің) билік ету шектелген мүлкін – салық берешегі есебіне, төлеушінің – кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, өсімпұлдар, пайыздар бойынша берешегі есебіне өткізу қағидаларын әзірлеу;

232) жеңілдікті салық салынатын мемлекеттер тізбесін әзірлеу;

233) ішкі істер органдардың еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар берілген салық төлеушілер туралы мәліметтерді ұсынудың қағидаларын, мерзімін және нысандарын, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органның келуші шетелдіктер туралы мәліметтерді ұсынудың қағидаларын әзірлеу;

234) уәкілетті мемлекеттік органдарға кірістер мен мүлік туралы табыс етілген декларациялар туралы мәліметтерді ұсыну қағидаларын әзірлеу;

235) концессионер (концессия шартын іске асыру үшін тек қана концессионер арнайы құрған құқықтық мирасқор немесе заңды тұлға) концессия шарты бойынша алатын, тіркелген активтердің бастапқы құнын, сондай-ақ концессия шарты тоқтатылған кезде концессионер тіркелген активтерді концедентке беру кезінде II, III және IV топтар концессионерінің құндық теңгерімін азайтатын құнын айқындау қағидаларын әзірлеу;

236) білім алушы тұлғаның тұруына және оған ақша сомасын төлеуге арналған іс жүзіндегі шығыстарының нормаларын белгілеу тәртібін әзірлеу;

237) тауарлар импортын қосылған құн салығынан босату қағидаларын әзірлеу;

238) электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларын әзірлеу;

239) Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік саласындағы заңнамасына сәйкес жасалған және инвестициялық басым жобаларды іске асыруды көздейтін инвестициялық келісімшарттар туралы мәліметтерді, сондай-ақ осы инвестициялық келісімшарттардың қолданысын тоқтату туралы мәліметтерді және өзге де мәліметтерді беру қағидаларын және олардың нысанын әзірлеу;

240) ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын салық төлеушілердің тізбесін әзірлеу;

241) деңгейлес мониторингті жүргізу қағидаларын әзірлеу;

242) деңгейлес мониторинг туралы келісім нысанын әзірлеу;

243) деңгейлес мониторинг туралы келісім жасау және бұзу қағидаларын әзірлеу;

244) деңгейлес мониторинг туралы келісім жасалатын салық төлеушілер санаттарын әзірлеу;

245) стандартты файлдың нысанын және оны жасау қағидаларын әзірлеу;

246) жергілікті және (немесе) негізгі есептілікті ұсыну туралы нысанды әзірлеу;

247) еларалық есептіліктің және халықаралық топқа қатысу туралы өтініштің нысандарын және олардың толтыру қағидаларын әзірлеу;

248) жанама салықтар бойынша төлеу мерзімін өзгертуге құқығы бар адамдарды айқындау үшін тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану қағидаларын әзірлеу;

249) қосылған құн салығының асып кеткен сомасының анықтығын растау мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану қағидаларын және тәуекел дәрежесінің өлшемшарттарын әзірлеу;

250) қосылған құн салығының асып кетуін қайтару қағидаларын әзірлеу;

251) жеке тұлғаның салықтық шегерімдерді қолдану туралы өтінішінің және жеке тұлғамен есеп айырысулар туралы анықтаманың нысандарын әзірлеу;

252) Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің екінші деңгейдегі уәкілетті банктерден алынған Қазақстан Республикасынан және Қазақстан Республикасына төлемдер және (немесе) ақшалай қаражаттардың аударымдары туралы ақпаратты ұсыну қағидалары мен мерзімдерін және олардың нысандарын әзірлеу;

253) екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлармен электрондық сауда бойынша тіркеу есебінде тұрған салық төлеушілер бойынша банктік шоттардың бар екені және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақша қалдықтары мен қозғалысы туралы мәліметтерді беру қағидаларын және мерзімдерін әзірлеу;

254) резиденттікті растайтын құжаттың және Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістері және ұстап қалған (төленген) салықтардың сомасы туралы анықтаманың нысандарын әзірлеу;

255) бақыланатын шетелдік компанияға қатысу (бақылау жасау) туралы өтініш нысанын әзірлеу;

256) Қазақстан Республикасында тұрған мүлікті өткізу кезіндегі мәмілеге қатысушылар және параметрлері және акциялар, салық агенті болып табылатын бейрезидент туралы мәліметті қоса, Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалануға байланысты қатысу үлесі туралы мәліметтер нысанын әзірлеу;

257) мәліметтерді мемлекеттік кірістер органдарына ұсыну қағидаларын және мерзімін әзірлеу;

258) шартты түрде шығарылған тауарларды ұсынудың не кедендік әкелу баждарын, салықтарды төлеу бойынша жеңілдіктер берудің мақсаты мен шарттарын және (немесе) кедендік әкелу баждарын, салықтарды төлеу бойынша

жеңілдіктерді қолданумен байланысты осы тауарларды пайдалану және (немесе) билік ету бойынша шектеулерді сақтауды растау үшін тауарлар шығарылғаннан кейін кедендік бақылау жүргізу кезінде олардың тұрған жерін растау ерекшелігін, сондай-ақ тауарлар шығарылғаннан кейін шартты түрде шығарылған тауарларға қатысты кедендік бақылау жүргізу мерзімділігін және жүргізуге қойылатын өзге де талаптарды әзірлеу;

259) ішінара салықтық тексеру жүргізу кезінде тексерілетін субъектілерді (объектілерді) іріктеу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын әзірлеу;

260) құпия ақпарат болып табылмайтын өлшемшарттар бойынша тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану қағидаларын әзірлеу;

261) сыртқы саясат саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша бажсыз сауда дүкендері иелерінің тізіліміне енгізудің қосымша шарттарын әзірлеу;

262) мемлекеттік кірістер органдарының сұрау салуы бойынша тауарлармен электрондық сауда кезінде тауарларды жөнелтуді, тасымалдауды, жеткізуді жүзеге асыратын тұлғалардың мәліметтерді беру қағидаларын, мерзімдері мен нысанын әзірлеу;

263) салық тіркелімдерінің нысандарын және оларды жасау қағидаларын әзірлеу;

264) тауарларға арналған ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу бойынша міндеті, сондай-ақ ресімдеу тәртібі және олардың құжат айналымы қолданылатын тауарлар тізбесін әзірлеу;

265) қосылған құн салығының сомалары бойынша дайындаушы ұйымдар алған бюджеттік субсидия сомалары жөніндегі мәліметтерді ұсыну қағидалары, мерзімі мен нысанын әзірлеу;

266) коллекторлық агенттіктермен жасалған талап ету құқығын беру шарттары бойынша мәліметтерді ұсыну нысанын әзірлеу;

267) электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларын әзірлеу;

268) салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді есепке алуды және (немесе) тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілері бар салық төлеушілер туралы, сондай-ақ салық салу

объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы мәліметтерді ұсыну қағидаларын, мерзімдерін және нысандарын әзірлеу;

269) бақылау-касса машиналарын қолданудың қағидаларын әзірлеу;

270) деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналарынан тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде жүзеге асырылатын ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтерді қабылдау, сақтау, сондай-ақ оларды мемлекеттік кірістер органдарына фискалдық деректер операторымен беру қағидаларын әзірлеу;

271) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы ұсынылатын салықтық өтініштер тізбесін әзірлеу;

272) Қазақстан Республикасы мемлекеттік кірістер органдарының кодтарын әзірлеу;

273) халыққа қалалық қоғамдық көлікпен тасымалдау бойынша қызметтер көрсету бөлігінде салық төлеушілердің билеттерді пайдалануы туралы мәліметтердің нысанын әзірлеу;

274) салық төлеушілер, оның ішінде дара кәсіпкер немесе жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғалар туралы ақпаратты екінші деңгейдегі банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға беру қағидаларын әзірлеу;

275) ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілері бойынша мемлекеттік кірістер органдарына ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтерді жедел режимде беруді қамтамасыз ететін заңды тұлғаны айқындау тәртібін әзірлеу;

276) құзыреті шегінде заңнамада белгіленген тәртіппен жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

277) уақытша әкімші, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылар қызметін жүзеге асыруға құқығы бар адамдар хабарламаларының тізілімін жүргізу;

278) оңалтуды немесе банкроттықты басқарушының кредиторлар жиналысымен ұсынылған кандидатураларды тағайындауы;

279) интернет-ресурста кредиторлар талаптарының тізілімін орналастыру;

280) табиғи монополия субъектілері немесе тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілері болып табылатын немесе республика экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға әсер ете алатын ұйымдар мен жеке кәсіпкерлер, оның ішінде акцияларының пакеттері (қатысу үлестері) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стратегиялық объектілерге жатқызылған, сондай-ақ оларға қатысты осындай тәртіп Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында көзделген мемлекеттің бастамасы бойынша банкрот деп танылған ұйымдар банкрот болған кезде мүліктік массаны өткізудің ерекше шарттары мен тәртібін және мүліктік масса объектілерін сатып алушыларға қосымша талаптарды белгілеу бойынша ұсыныстар әзірлеу;

281) оңалтуды басқарушының оңалту рәсімінің жүзеге асырылу барысы туралы, уақытша басқарушының борышкердің қаржылық жай-күйі туралы мәліметтерді жинаудың және банкроттық рәсімнің жүзеге асырылу барысы туралы, банкроттық басқарушының банкроттық рәсімнің жүргізілу барысы туралы ағымдағы ақпараттарын қарау;

282) уақытша басқарушының борышкерді банкрот деп тану туралы өтініште көрсетілген мекенжай бойынша борышкердің жоқ екені және оның есебінен банкроттық рәсімді жүзеге асыруға болатын мүліктің (активтердің) жоқ екені туралы қорытындысын ескере отырып, жоқ борышкерді банкрот деп тануды және банкроттық рәсім қозғамай оны таратуды келісу;

283) сот шешімі бойынша:

Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында көзделген жағдайда кредиторлардың алғашқы жиналысын өткізу;

Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен банкроттық рәсімін қозғамай, банкротты жоюды жүргізу;

284) борышкердің мүлкін (активтерін) сату бойынша электрондық аукцион өткізу тәртібінің сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

285) жалған және қасақана банкроттықтың белгілерін анықтау;

286) Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес мән-жайлар кезінде жасалған мәмілелерді анықтау бойынша шаралар қабылдау;

287) оңалту рәсімдері мен банкроттық рәсімдердің өткізілуіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

288) борышкердің (банкроттың) мүлкін (активтерін) сату бойынша электрондық аукционды өткізу қағидаларын әзірлеу және оны ұйымдастырушыны айқындау;

289) уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың негізгі сыйақысының ең төмен және ең жоғары шектерін, сондай-ақ осындай сыйақыны төлеу қағидаларын әзірлеу;

290) әкімшінің ағымдағы және сұрау салынған оңалту рәсімінің және банкроттық рәсімінің жүзеге асырылу барысы туралы ақпаратты беру нысанын, қағидалары мен мерзімдерін әзірлеу;

291) салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша кредитордың банкроттық туралы іс қозғауға және банкроттық рәсімін жүргізуге байланысты әкімшілік шығыстар өтеу қағидаларын әзірлеу;

292) өздеріне қатысты оларды банкрот деп тану туралы сот шешімдері заңды күшіне енген банкроттардың тізімін интернет-ресурста жариялау;

293) оңалтуды және банкроттықты басқарушылардың қорытынды есебінің нысанын әзірлеу;

294) әкімшілерді есепке алу, оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды тағайындау және шеттету, сондай-ақ әкімшінің біліктілігін арттыру тәртібін әзірлеу;

295) оңалту жоспарының тиімділігі (тиімсіздігі) туралы уақытша әкімші мен банкроттықты басқарушы қорытындысының үлгі нысандарын әзірлеу;

296) борышкердің қаржылық жағдайы туралы уақытша басқарушы қорытындысының үлгі нысандарын әзірлеу;

297) біліктілік емтиханын өткізу тәртібін әзірлеу;

298) санкцияға қатысушыдан растайтын құжаттарды сұратуды жүзеге асыру;

299) Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында көзделген жағдайда банкроттың мүлкін уақытша басқарушының сатуына келісу;

300) уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың әрекеттеріне жасалған шағымдарды қарау;

301) мемлекеттік органдардан, заңды тұлғалардан және олардың лауазымды адамдарынан төлемге қабілетсіз және дәрменсіз борышкерлер туралы ақпараттың сұратылуын және алуын жүзеге асыру;

302) уақытша және банкроттықты басқарушыларға банкрот деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімі бар тұлғаның банк шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақшаның қалдықтары мен қозғалысы туралы ақпаратты ұсыну;

303) Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайда уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың шешімдері мен әрекеттерін (әрекетсіздігін) сотта даулау;

304) өз құзыреті шегінде оңалту және банкроттық рәсімдердің жүргізілуі, өткізілуі және тоқтатылуы бойынша түсіндірулер мен түсініктемелер беру;

305) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мемлекеттік органдармен электрондық тәсілмен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

306) Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес интернет-ресурсқа орналасытру:

кредиторлар жиналысын өткізу туралы хабарлама;

банкроттық туралы іс қозғау және кредиторлар талабының мәлімдеуі тәртібін жариялау;

борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып, оны тарату туралы жариялау;

оңалту рәсімін қолдану және кредиторлардың талаптарды мәлімдеуі тәртібі туралы жариялау;

307) сотқа уақытша басқарушының, уақытша әкімшінің тіркеуден шығарылғаны туралы, сондай-ақ кредиторлар жиналысына оңалтуды не банкроттық басқарушының тіркеуден шығарылғаны туралы хабарлама жіберу;

308) оңалтуды немесе банкроттықты басқарушыны шеттету;

309) өзін-өзі реттеу мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу және уәкілетті органмен келісу;

310) реттеушілік әсерді талдауды жүзеге асыру;

311) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өнімнің өткізілуіне бақылауды үйлестіру;

312) тиісті аядағы (саладағы) өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімін жүргізу;

313) міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымдардың қағидалары мен стандарттарын келісу;

314) трансферттік баға белгілеуді қолдану бойынша келісім жасасуға мәміле қатысушысының өтінішін қарау;

315) қолданылатын бағаның экономикалық негіздемесін, оның ішінде мәміле бағасы мен дифференциалды растайтын құжаттарды, нарықтық бағаны айқындау әдістерінің бірін қолдану туралы ақпаратты және қолданылатын бағаның негізділігін растайтын басқа да ақпаратты қарау;

316) Комитеттің құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің және халықаралық шарттардың жобаларын әзірлеу;

317) өз құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғалардың қызметіне бақылауды жүзеге асыру;

318) ведомствоның өкілеттіктеріне жатқызылатын мәселелер бойынша жергілікті атқарушы органдардың қызметін бақылау функцияларын жүзеге асыру;

319) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары деп тану туралы шешім қабылдау;

320) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік кірістер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпаратты интернет-ресурсқа орналастыру;

321) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

17. Комитеттің құқықтары мен міндеттемелері.

Құқықтары:

1) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша құқықтық актілерді бекіту;

2) Еңбек кодексінде және мемлекеттік қызмет туралы заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен қызметкерлерді көтермелеу, оларға тәртіптік жаза қолдану, қызметкерлерді материалдық жауапкершілікке тарту;

3) Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы күрес бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарынан және шет мемлекеттің органдарынан, декларанттардан, кеден ісі саласында қызметті жүзеге асыратын адамдардан, және тексерілетін адамдардан қажетті ақпаратты, сондай-ақ құжаттар мен кеден ісі саласына жататын мәліметтерді сұрату және алу;

5) салықтық және кедендік бақылауды жүргізген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте түрлі білім салаларының мамандарын тарту;

6) салық салу мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға, оның ішінде шет мемлекеттердің уәкілетті органдарымен ақпарат алмасуға;

7) екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес банктік құпияны құрайтын мәліметтер қамтылған бағдарламалық қамтылымының және (немесе) ақпараттық жүйесінің деректерін көруге қол жеткізу құқығын қоспағанда, салық төлеуші (салық агенті) осындай бағдарламалық қамтылымды және (немесе) ақпараттық жүйені пайдаланған жағдайда, салықтық тексеру барысында салық төлеушіден (салық агентінен) бастапқы есепке алу құжаттарының деректері, бухгалтерлік есепке алу тіркелімдері, салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы ақпарат қамтылған бухгалтерлік және салықтық есептерді

автоматтандыруға арналған бағдарламалық қамтылымның және (немесе) ақпараттық жүйенің деректерін көруге қол жеткізу құқығын беруді талап етуге;

8) салық төлеушіден (салық агентінен):

салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді есептеудің дұрыстығын және төлеудің (ұстап қалудың және аударудың) уақтылылығын, әлеуметтік төлемдерді есептеудің, ұстап қалудың және аударудың толықтығы мен уақтылығын растайтын құжаттарды ұсынуды;

салық төлеуші (салық агенті) жасаған салықтық нысандар бойынша жазбаша түсініктерді, сондай-ақ салық төлеушінің (салық агентінің) қаржылық есептілігін, оның ішінде резидент-салық төлеушінің (салық агентінің) Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде орналасқан оның еншілес ұйымдарының қаржылық есептілігін қоса алғанда, егер осындай тұлға үшін Қазақстан Республикасының заңдарында міндетті түрде аудит жүргізу белгіленген болса, аудиторлық есепті қоса бере отырып, шоғырландырылған қаржылық есептілікті талап етуге;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді, байланыс жүйелерін және деректерді беру жүйелерін, кедендік бақылаудың техникалық құралдарын, сондай-ақ ақпаратты қорғау құралдарын әзірлеу, құру, иелену және пайдалану;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ғылыми-зерттеу, оқу, баспа қызметін, криминалистік қызметті жүзеге асыру;

11) құқық қорғау органдары және (немесе) уәкілетті орган ұсынатын, қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға ықтимал қатысы болуы туралы ақпарат алған кезде, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізілетін қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен ұстап алуды (тоқтата тұруды) жүзеге асыру;

12) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді хаттамаға түсіру және қарау, әкімшілік ұстауды жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарында көзделген басқа да шараларды қолдану;

13) кеден ісі саласында құқық бұзушылық жасаған адамдарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұстап алу және Қазақстан Республикасының кеден немесе өзге органдарының қызметтік үй-жайларына жеткізу;

14) екінші деңгейдегі банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан, бағалы қағаздарды номиналды ұстаушылар ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығына ие, инвестициялық портфельді басқаратын кастодиандардан, бірыңғай тіркеушіден, брокерлерден және (немесе) дилерлерден, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарынан Қазақстан Республикасының салық заңнамасында ұсынылуы көзделген мәліметтерді алуға;

15) екінші деңгейдегі банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарды сақтай отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасында аталған тұлғаларға қатысты банктік шоттардың бар-жоғы және нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақша қалдықтары мен қозғалысы туралы мәліметтерді алуға;

16) салықтық тексеру барысында Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде айқындалған тәртіппен салық төлеушіден (салық агентінен) әкімшілік құқық бұзушылықтар жасалғаны туралы айғақтайтын құжаттарды алып қоюды жүргізу;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте өзара ақпарат алмасуды, оның ішінде электрондық тәсілмен қамтамасыз ете отырып, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасасу;

18) Комитеттің аумақтық органдарына орындау үшін міндетті нұсқаулар беру;

19) салық заңнамасының және Еуразиялық экономикалық одағы мен Қазақстан Республикасының кеден заңнамасының мәселелері бойынша қоғамның салық және кеден мәдениетін және хабардарлығын арттыру бойынша іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;

20) Комитет қызметкерлеріне даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды жүзеге асыру;

21) Қазақстан Республикасында және шет мемлекеттерде салық және кеден заңнамасын қолдану практикасын талдау және қорыту, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одағының және Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

22) салық салу және кеден ісі саласында халықаралық шарттар жасасу және оған қосылу бойынша ұсыныстар енгізу;

23) Мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық органдарының, бағыныстағы мекемелерінің жұмысын бақылау;

24) әкімшінің қызметіне камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы, сондай-ақ осы бұзушылықтар үшін босатылған бұның алдындағы әкімшінің қызметіне тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жіберу;

25) әкімшінің қызметіне камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның орындалғаны туралы есеп берілуін талап ету;

26) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте банкроттық рәсімін қозғамай банкротты тарату;

27) оңалтуды, банкроттық басқарушылардың кандидатурасын тағайындаудағы кредиторлардың жиналысына дәлілді бас тартуды не оңалтуды, банкроттық басқарушыларды тіркеуден алу туралы хабарламаны жолдау;

28) этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын реттеу мәселелері бойынша басқа мемлекеттердің және Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларынан консультанттар мен сарапшыларды, өзге де мемлекеттік органдардың мамандарын тарту;

29) этил спиртінің, алкоголь өнімдерінің, темекі өнімдерінің өндірісі және айналымы, сондай-ақ мұнай өнімдерінің жеке түрлерінің және биоотынның айналымы саласында қызмет ететін субъектілердің технологиялық үрдістердің, техникалық регламенттер мен стандарттарын сақтау және іске асырудың нормаларын, ережелерін және нұсқауларын сақтауын тексеру;

30) этил спирті өндірісінің технологиялық желісін және алкоголь өнімдерінің құйылу желісін тиісті спирт өлшеуші аппараттармен және есепті бақылау құралдарымен жабдыкталуына және олардың жұмыс істеуіне бақылауды жүзеге асыру;

31) арақ пен ликер-арақ бұйымдарының, этил спиртін әзірлеудің ең төменгі көлемін, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптардың сақталуы үшін оларды әзірлеу бойынша нақты көлемін тексеру;

32) Еуразиялық экономикалық одағының кедендік аумағынан мемлекеттік кірістер органдарының рұқсатынсыз шығып кеткен көлік құралдарын тоқтату, сондай-ақ су және әуе кемелерін мәжбүрлеп қайтару;

33) өз құзыреті шегінде темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымына мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтер беру туралы темекі өнімдерін өндірушілерге сұрау салу жіберу;

34) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алуды жүзеге асыру;

35) көшпелі кедендік тексерулер жүргізу кезінде алып қою актісін жасай отырып, тексерілетін тұлғадан құжаттарды не олардың көшірмелерін алып қою;

36) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте көшпелі кедендік тексеру жүргізілетін тауарларды иеліктен айыруға не өзге тәсілмен билік етуге бағытталған іс-әрекеттердің жолын кесу үшін көшпелі кедендік тексеру жүргізу мерзіміне тауарларға тыйым салу немесе оларды алып қою;

37) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда тауарлар орналасқан үй-жайларға сүргі салу;

38) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес шет мемлекеттерге кеден ісі мәселелері бойынша мемлекеттік кірістер органдарының ресми өкілдерін жіберу;

39) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес құжаттарды, тауарларды, заттарды немесе өзге де мүлікті алып қоюға немесе арасынан алуды жүргізу;

40) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес фактілер мен оқиғаларды құжаттау, бейне- және аудиожазба, кино- және фотоға түсіру жүргізу;

41) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік кірістер органдарына жүктелген функцияларды орындау үшін қаруды, арнайы техникалық және өзге де құралдарды қоса алғанда, сондай-ақ тауарлар, арнайы иттер сатып алу;

42) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дене күшін, арнаулы құралдарды және атыс қаруын қолдану;

43) Қазақстан Республикасының жедел-іздігісіру қызметі туралы заңнамасына сәйкес жедел-іздігісіру қызметін жүзеге асыру;

44) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қару, оқ-дәрі, арнайы құралдар сақтауға, алып жүруге және қолдануға, сондай-ақ қажет болған кезде білек күшін, оның ішінде күрестің жауынгерлік тәсілдерін де қолдану;

45) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асыру;

46) іс жүргізуде бар материалдар мен қылмыстық істер бойынша құжаттарға, материалдарға, статистикалық ақпаратқа және өзге мәліметтерге қол жеткізу, сондай-ақ ұйымдардың басшылары мен басқа да лауазымды адамдарынан, жеке тұлғалардан оларды беруді талап ету, олардың көшірмелерін түсіру, түсініктемелер алу;

47) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте тиісті уақытша ұстау изоляторларын, тергеу изоляторларын пайдалану;

48) іс жүргізуде бар қылмыстық істер бойынша шақыру бойынша келуден жалтарып жүрген адамдарды күштеп әкелу;

49) ұсталғандарды және қамауға алынған өзге де адамдарды күзетпен алып жүру;

50) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құзыреттер шегінде криминалистік зерттеулер жүргізу;

51) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

Міндеттемелері:

52) декларанттардың және кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың, салық төлеушілердің (салық агенттерінің) құқықтарын сақтау;

53) мемлекет мүдделерін қорғау;

54) салық төлеушіге (салық агентіне) қолданыстағы салықтар және бюджетке төленетін төлемдер туралы, Қазақстан Республикасының салық заңнамасындағы өзгерістер туралы ақпарат беру, Қазақстан Республикасының салық заңнамасын қолдану жөніндегі мәселелерді түсіндіру;

55) өз құзыреті шегінде салықтық міндеттеменің туындауы, орындалуы және тоқтатылуы жөнінде түсіндірмелерді жүзеге асыру және түсініктемелер беру.

56) талап қоюдың ескіру мерзімі ішінде салықтардың және бюджетке төленетін төлемдерді төлеу фактісін растайтын мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ету;

57) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық мониторингті жүзеге асыратын және кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл жөніндегі өзге де шараларды қабылдайтын уәкілетті мемлекеттік органға салық органдарының ақпараттық жүйесіне кіруге рұқсат беру;

58) осы Кодексте айқындалған тәртіппен және жағдайларда уәкілетті органның интернет-ресурсында:

салықтық берешегі бар;

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес әрекет етпейтін деп танылған;

тіркелуі заңды күшіне енген сот актісі негізінде жарамсыз деп танылған салық төлеушілер (салық агенттері) туралы мәліметтерді орналастыру;

59) салық төлеушіге (салық агентіне) салықтық өтініштердің белгіленген нысандарының бланкілерін және (немесе) электрондық нысанда салықтық есептілік пен өтінішті ұсыну үшін қажетті бағдарламалық қамтылымды тегін беру;

60) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде мемлекеттік кірістер органының және (немесе) мемлекеттік кірістер органы лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымын қарау;

61) жыл сайын Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының сұрау салуы бойынша жылдық жиынтық табысы «Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келетін кәсіпкерлік субъектілерінің атауы мен сәйкестендіру нөмірі туралы мәліметтерді ұсыну;

62) салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін қолдану және салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық берешегін мәжбүрлеу тәртібімен өндіріп алу;

63) мемлекеттің меншігіне айналған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және өткізу тәртібінің сақталуын, оны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті уәкілетті мемлекеттік органға берудің толықтығы мен уақтылығын, сондай-ақ ол өткізілген жағдайда бюджетке ақшаның түсуінің толықтығы мен уақтылығын бақылауды жүзеге асыру;

64) уәкілетті мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді есептеудің дұрыстығы, алудың толықтығы және аударудың уақтылығы мәселелері жөніндегі қызметін бақылауды жүзеге асыру;

65) салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық өтініші бойынша осы Кодексте белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Қазақстан Республикасындағы көздерден бейрезидент алған кірістердің және ұстап қалынған (төленген) салықтардың сомалары туралы анықтама ұсыну;

66) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы тауар айналымын жеделдетуге ықпал ететін жағдайлар жасау жолымен сыртқы сауданың дамуына жәрдемдесу;

67) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына қатысты кедендік бақылауды жүзеге асыру;

68) кеден ісі саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген тәртіппен сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыру;

69) өз өкілеттіктері шегінде декларанттарға және кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға олардың құқықтарын іске асыруына жәрдемдесу;

70) кедендік төлемдердің, салықтардың, арнайы, демпингке қарсы баждардың, өтемақы баждарының толық алынуын және бюджетке уақтылы аударылуын қамтамасыз ету;

71) өз құзыреті шегінде осы Кодексте белгіленген мерзімдерде шешімдер қабылдау және декларанттар мен кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге заңнамасында белгіленген шарттарды сақтауы және міндеттерді орындауы бойынша олардың қызметін бақылауды жүзеге асыру;

72) Қазақстан Республикасының сыртқы саудасының кедендік статистикасын және арнаулы кедендік статистикасын жүргізуді жүзеге асыру;

73) өз құзыреті шегінде Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасын күзетуді және Қазақстан Республикасының кеден және өзге заңнамасының сақталуын бақылауды қамтамасыз ету;

74) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кеден органдарының қызметіне, кеден органдарының лауазымды адамдарына және олардың отбасы мүшелеріне қатысты құқыққа қайшы әрекеттерден қорғауды қамтамасыз ету;

75) өз құзыреті шегінде құқық бұзушылықтардың алдын алу, жолын кесу және оларды анықтау жөнінде жұмыс жүргізу;

76) кеден ісі саласында құқық бұзушылықтардың жасалуы туралы ақпаратты жинауды және талдауды жүзеге асыру;

77) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарымен және басқа да тиісті мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимыл жасаса отырып, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасын қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

78) кеден ісі саласында келіп түсетін сұрау салулар мен ұсыныстарды ескере отырып, өтініштердің уақтылы, объективті және жан-жақты қаралуын және жауап берілуін немесе тиісті әрекеттер жасалуын қамтамасыз ету;

79) кеден ісі саласында өтеусіз ақпарат және консультация беруді жүзеге асыру;

80) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарының бірлескен актілері негізінде аталған органдармен келісу бойынша Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимыл жасасу;

81) кеден ісін жетілдіру және кедендік әкімшілік жүргізудің тиімді әдістерін енгізу мақсатында сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылармен, олардың қауымдастықтарымен (одақтарымен), Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасу;

82) импорттаушылардың заңды мекенжайларын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын, Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген өнімнің (тауарлардың) көлемдері мен түрлерін көрсете отырып, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға импорттаушылар бойынша ақпарат ұсыну;

83) белгіленген мерзімдерде бюджетке төленбеген кедендік төлемдер мен салықтардың сомасын, сондай-ақ өсімпұлдарды, пайыздарды өндіріп алу;

84) Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кедендік әкімшілік жүргізуді жүзеге асыру;

85) мемлекет меншігіне айналдырылған тауарлар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына берілгенге дейін осындай тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету;

86) Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде, сондай-ақ «Жедел-іздістіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген міндеттерді орындау;

87) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өздерінің қарауына жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру бойынша шаралар қабылдау;

88) акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша субъектілерге тексеру жүргізу;

89) акцизделетін тауарлардың өндіруін және импорттауын жүзеге асыратын ұйымдардағы акциз бекеттерінің қызметін бақылау;

90) салықтық құпияны және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны сақтау;

91) мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттеріне және стандарттарына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету;

92) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен заңды күшіне енбеген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулыны қайта қарау;

93) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен әкімшілік жауапкершілікке тарту;

94) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік кірістер органдарының қызметіне, мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды адамдарына және олардың отбасы мүшелеріне қатысты құқыққа қарсы іс-әрекеттерден қорғауды қамтамасыз ету;

95) салық төлеушілерді, салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді есепке алуды, есептелген, есепке жазылған және төленген салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, есептелген, ұсталған және аударылған міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, есептелген және төленген әлеуметтік аударымдарды есепке алуды жүргізу;

96) бұқаралық ақпарат құралдарында декларанттардың және кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың кедендік төлемдері және салық, өсімпұлдары бойынша берешегі бар салық төлеушілердің (салық агенттерінің), сондай-ақ әрекетсіз заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте және жағдайда тізімдерін жариялау;

97) жасалған немесе жасалуға әзірленіп жатқан қылмыстар туралы өтініштер мен хабарларды қабылдау, тіркеу және қарау, қылмыстардың жолын

кесу, оларды ашу, сондай-ақ қылмыс жасаған адамдарды ұстау және қоғамға қауіпті салдарына жол бермеу жөнінде дер кезінде шаралар қолдану;

98) қылмыстық құқық бұзушылықтар келтірген Қазақстан Республикасының заңнамасында осы органның жүргізуіне жатқызылған мүліктік зиянның өтелуін қамтамасыз ету үшін құзыреті шегінде шаралар қабылдау;

99) қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау жөніндегі заңнамалық актілерінде көзделген шараларды қабылдау;

100) «Оңалту және активтерді басқару компаниясы» акционерлік қоғамының өзекті индикаторлар мен көрсеткіштерін Комитеттің құзыретіне жататын мәселелер бойынша әзірлеу;

101) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

3-тарау. Қызметті ұйымдастыру

18. Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын Төраға Комитетке басшылықты жүзеге асырады.

19. Комитет төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

20. Комитет төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымынан босатылатын орынбасарлары болады.

21. Шетелдегі кеден ісі мәселелері жөніндегі мемлекеттік кірістер органдарының ресми өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес Комитет төрағасының ұсынысы бойынша лауазымға тағайындалады және лауазымынан босатылады.

22. Комитет Төрағасының өкілеттіктері:

1) өз орынбасарларының, Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының, облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша

Мемлекеттік кірістер департаменттер басшыларының, мамандандырылған мемлекеттік мекеме басшыларының, ішкі қауіпсіздік бөлімшелері басшыларының міндетін және өкілеттігін анықтайды;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады:

Комитеттің жұмыскерлерін және қызметкерлерін;

облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша Мемлекеттік кірістер департаменттер басшыларының орынбасарларын;

қалалар-облыс орталықтары, Астана, Алматы, Қарағанды, Шымкент қалаларының аудандары бойынша мемлекеттік кірістер басқармаларының басшыларын;

мамандандырылған мемлекеттік мекемелерінің басшыларын;

облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша мемлекеттік кірістер департаменттерінің экономикалық тергеу қызметінің басқармаларының басшыларын;

облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша мемлекеттік кірістер департаменттерінің ішкі қауіпсіздік бөлімшелерінің басшыларын және қызметкерлерін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тәртіптік жауапкершілік шараларын қабылдайды;

4) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері, оның аумақтық органдары және мамандандырылған мемлекеттік мекемелері туралы ережелерді бекітеді;

5) Комитеттің штат саны лимитінің шегінде штаттық кестені бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен іссапар, еңбек демалысын ұсыну, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілікті арттыру, көтермелеу, Төраға орынбасарларына, Комитеттің жұмыскерлері мен қызметкерлеріне, облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша мемлекеттік кірістер департаменттер басшыларына, мамандандырылған мемлекеттік мекемелері басшыларына үстемеақы және сыйақы төлеу мәселелерін шешеді;

7) құзыреті шегінде Комитеттің құқықтық актілеріне қол қояды;

- 8) Комитеттің заң бөлімшесіне жетекшілік етеді;
- 9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша дербес жауапты болады;
- 10) Комитетті барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда білдіреді;
- 11) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Комитеттің Төрағасы жоқ болған кезеңде оның өкілеттіктерін атқаруды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

23. Комитет консультациялық-кеңесші органы болып табылатын және мемлекеттік кірістер органдары қызметінің мәселелерін қарайтын алқаны құрайды. Алқаның сандық және дербес құрамын Комитеттің төрағасы бекітеді.

4-тарау. Комитеттің мүлкі

24. Комитеттің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Комитеттің мүлкі, оның меншігіне берілген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздерден және меншіктік қызметтер нәтижесінде алынған мүліктер есебінен (ақша кірістерін қоса алғанда) құралады.

25. Комитеттің өзіне бекітілген мүлік республика меншігіне жатады.

26. Комитеттің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша берілген құралдар есебінен алынған мүлікті, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгеше белгіленбесе, өз бетінше иеліктен шығаруға немесе өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

27. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті республикалық мемлекеттік мекемелерінің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелердің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Көкшетау қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Степногорск қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Ақкөл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Астрахан ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Атбасар ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.

7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Сандықтау ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.

8. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Аршалы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы;

9. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Ерейментау ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы;

10. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Егіндікөл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.

